

DEXP

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

All-in-One DEXP LP-V200 аудиожүйесі



Құрметті сатып алушы!

Сізге «DEXP» сауда белгісімен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Біз Сізге сапаға, функционалдылыққа

және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және өндірілген бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастар алдында Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану

және оны күту жөніндегі ұсынымдарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуына қамқорлық жасаңыз және бұйымды одан әрі пайдалану кезінде нұсқаулықты анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Мазмұны

Құрылғының мақсаты	5
Сақтық шаралары	5
Басқару панелінің схемасы	6
Артқы панельдің схемасы	7
Қашықтықтан басқару пульті	7
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық	8
Сыртқы тасығыштардан ойнату.....	8
Bluetooth режимі	8
Радио режимі.....	8
AUX режимі.....	8
Төмен жиіліктерді баптау.....	9
Көмескі жарықты басқару.....	9
Аккумуляторды зарядтау	9
ҚБ пультіңдегі батареяларды ауыстыру.....	9
Ықтимал мәселелер және олардың шешімдері	9
Техникалық сипаттамалары	10
Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сатып өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары	11
Қосымша ақпарат	12


Құрылғының мақсаты

Аудиожүйе музыканы ойнатуға және ойындарды, фильмдер мен басқаны дыбыстауға арналған. Оны ДК-ге, ноутбукке, МРЗ немесе CD ойнатқышына немесе басқа дыбыс көздеріне қосуға болады, сонымен қатар музыканы сыртқы тасымалдағыштардан ойната алады.

Сақтық шаралары

1. Құрылғыны қоспас бұрын, онда көрсетілген кернеу жергілікті электр желісінің кернеуіне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
2. Электр тогының соғуын болдырмау үшін құрылғының корпусын өзіңіз бөлшектемеңіз және ашпаңыз. Құрылғыны өзіңіз жөндеуге тырыспаңыз, авторизацияланған сервис орталығына хабарласыңыз.
3. Егер құрылғы ұзақ уақыт пайдаланылмайтын болса, құрылғыны дыбыс көзінен ажыратыңыз.
4. Құрылғыны ылғал қолмен ұстамаңыз.
5. Құрылғыны және оның тесіктерін ішіне бөгде заттардың түсуінен қорғаңыз. Инелер, түйреуіштер, тиындар және басқа ұсақ заттар, сондай-ақ жәндіктердің құрылғының ішіне кірмеуін бақылаңыз.
6. Құрылғыны судың және кез келген сұйықтықтардың кіруінен, ылғалдың әсерінен, сондай-ақ экстремалды температуралардан, шаңнан және кірден қорғаңыз. Ылғалдылығы және тозаңдылығы жоғары үй-жайларда құрылғыны орнатпаңыз.
7. Құрылғыға және оған тікелей жақын жерге сұйықтықтары бар ыдыстарды қоймаңыз (гүлсауыттар, стақандар, бөтелкелер және т.б.). Құрылғыға сұйықтық тиген кезде оны желіден дереу ажыратыңыз.
8. Құрылғыны қызып кетуден сақтаңыз. Оны қуатты жылу көздерінің (қыздырғыш аспаптар және т.б.) жанында орнатпаңыз, сондай-ақ тікелей күн сәулесінің әсеріне ұшыратпаңыз.
9. Құрылғы балалардың және, олардың қауіпсіздігі үшін жауапты болатын басқа тұлғалар бақылауды жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, физикалық, сенсорлы немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі тұлғалардың пайдалануына арналмаған. Балалардың құрылғымен ойнауына жол бермеңіз.
10. Құрылғыны тазарту үшін құрамында бензин бар заттарды, спирттерді, еріткіштерді және т.б. қолданбаңыз, өйткені олар құрылғыны, сондай-ақ оның боялған жабындарын зақымдауы мүмкін. Құрылғыны тазарту үшін ерекше түрде жұмсақ құрғақ матаны пайдаланыңыз.
11. Құрылғыны бүлдіруді және электр тогымен зақымдануды болдырмау үшін, қосу үшін тек қана жарамды жалғағыштарды қолданыңыз.
12. Құрылғыны тек мақсаты бойынша қолданыңыз.
13. Егер құрылғы жұмыс істемей қалса немесе дұрыс емес жұмыс істесе, қолдануды дереу тоқтатыңыз және авторизацияланған сервис орталығына хабарласыңыз.


Басқару панелінің схемасы



1. USB-тасығышқа арналған слот.
2. AUX кірісі.
3. «PREV» батырмасы: алдыңғы трек/радиостанция.
4. «NEXT» батырмасы: келесі трек/радиостанция.
5. «EQ» батырмасы: эквалайзер режимдерін ауыстыру (FLAT, POP, JAZZ, CLASSIC, ROCK).
6. «▶|◀» батырмасы: ойнату/үзіліс.
7. «—» батырмасы: дыбыс деңгейін азайту.
8. Микрофонға арналған кіріс.
9. Электрлік гитараға арналған кіріс.
10. «LIGHTNING» батырмасы: көмескі жарықты басқару.
11. «⏻» батырмасы: құрылғыны қосу/сөндіру.
12. «MIC/GT MENU» батырмасы: микрофонды/гитараны басқару.
13. «M» батырмасы: режимдерді ауыстырып қосу.
14. «+» батырмасы: дыбыс деңгейін ұлғайту.


Артқы панелдің схемасы

1. «Қос./сөнд.» батырмасы.
2. DC кірісі.
3. AC кірісі.
4. Қуат жарық индикаторы.



Қашықтықтан басқару пульті

1. «**⏻**» батырмасы: құрылғыны қосу/сөндіру.
2. «**MENU**» батырмасы.
3. «**▲**» батырмасы: дыбыс деңгейін ұлғайту.
4. «**◀**» батырмасы: тректі артқа ауыстыру.
5. «**SCAN**» батырмасы: радиостанцияларды сканерлеу.
6. «**CH-**» батырмасы: радиостанцияларды артқа ауыстыру.
7. «**MUTE**» батырмасы: дыбысты сөндіру.
8. «**BASS**» батырмасы: дыбыстың төмен жиіліктерін реттеу.
9. «**EQ**» батырмасы: эквалайзер.
10. «**CH+**» батырмасы: радиостанцияларды алға ауыстыру.
11. «**▼**» батырмасы: дыбыс деңгейін азайту.
12. «**▶**» батырмасы: тректі алға ауыстыру.
13. «**⏮**» батырмасы: ойнату/үзіліс.
14. «**MODE**» батырмасы: құрылғыны қосу режимін таңдау (Bluetooth/FM/USB/ AUX).



Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

1. Құрылғыны қуат көзіне жалғаңыз, «ҚОС» күйіне қуат реттегішін аударыңыз. Құрылғы жұмыс істеу үшін қуат көзі жоқ кіріктірілген аккумулятормен жабдықталған.
2. AUX аудиокәбілі көмегімен, Bluetooth немесе тиісті порт арқылы аудиосигнал көзін құрылғыға жалғаңыз.
3. Микрофонды құрылғы панеліндегі тиісті портқа жалғаңыз, микрофонның дыбыс қаттылығын, жоғарғы және төменгі жиіліктердің деңгейін, сондай-ақ жаңғырық деңгейін құрылғы панеліндегі тиісті реттегіштермен баптаңыз.

Сыртқы тасығыштардан ойнату

Аудиожүйе USB-тасығыштардан MP3 пішімінде аудио файлдарды салыстырып оқу мүмкіндігімен жабдықталған. Дұрыс жұмыс үшін ең көбі 64 Гб көлемді тасығыштарды қолдану ұсынылады.

Сыртқы тасығыштан аудионы ойнату үшін тасығышты тиісті аудиожүйенің портына жалғаңыз. LED-экранда «USB» жанғанға дейін, құрылғы панелінде/ҚБ пультінде «M/MODE» батырмасын басып ұстап тұрыңыз. Ойнату автоматты түрде басталады. Композициялар арасында ауысу үшін құрылғы панелінде «PREV» және «NEXT» батырмаларын немесе қашықтықтан басқару пультінде «◀» және «▶» батырмаларын басыңыз.

Bluetooth режимі

1. Bluetooth бойынша қосылу режиміне өту үшін, құрылғы панелінде/ҚБ пультінде «M/MODE» батырмасын басыңыз. LED-экранда «BLUE» көрсетіледі.
2. Қайнар көз-құрылғыда Bluetooth белсендіріңіз. Қолжетімді құрылғылар тізімінен «DEXP LP-V200» таңдаңыз. Қосылған кезде құрылғы қысқа дыбыстық сигнал шығарады.
3. Құрылғы-көзде ойнатуды басқарыңыз.

Радио режимі

1. Радио режимге өту үшін, экранда «FM» жазуы пайда болғанға дейін, құрылғы панелінде/ҚБ пультінде «M/MODE» батырмасын басып ұстап тұрыңыз. Радиостанцияларды іздеу автоматты түрде басталады және 87.5 бастап 108 МГц дейінгі ауқымда жүргізіледі.
2. Радиостанцияларды автоматты түрде іздеу аяқталған соң, құрылғы автоматты түрде бірінші анықталған радиостанцияны ойната бастайды. Радиостанциялар арасында ауысу үшін құрылғы панелінде «PREV» және «NEXT» батырмаларын немесе қашықтықтан басқару пультінде «CH+» және «CH-» батырмаларын басыңыз.

AUX режимі

1. AUX кәбілін құрылғы панеліндегі тиісті ағытпаға қосыңыз.

2. AUX бойынша қосылу режиміне өту үшін, құрылғы панелінде/ҚБ пультінде «M/MODE» батырмасын басыңыз. LED-экранда «AUX Line» көрсетіледі.
3. Құрылғы панелі немесе қашықтықтан басқару пульті көмегімен ойнатуды басқарыңыз.

Төмен жиіліктерді баптау

Қашықтықтан басқару пультіндегі «BASS» батырмасын басыңыз. Баптау үшін «◀» және «▶» батырмаларын қолданыңыз.

Көмескі жарықты басқару

Көмескі жарықты қосу/сөндіру және реттеу үшін құрылғы панелінде немесе қашықтықтан басқару пультінде «LIGHTING» батырмасын басыңыз.

Аккумуляторды зарядтау

Құрылғы кіріктірілген Li-ion аккумуляторымен жабдықталған. Аккумуляторды зарядтау үшін, желілік кәбiлдi құрылғыға жалғаңыз. Зарядтың жарық индикаторы өше, құрылғы толығымен зарядталады.

ҚБ пультіндегі батареяларды ауыстыру

1. Батареяларға арналған бөлікшені ашыңыз.
2. Полярлықты сақтап, AAA* типті екі батареяны салыңыз.
3. Батареяларға арналған бөлікшені жабыңыз.

Назар аударыңыз: егер ҚБ пультін ұзақ уақыт бойы қолданбасаңыз, батареяларды алып шығарыңыз. Ескі және жаңа батареяларды бірге, сондай-ақ әртүрлі батареяларды қолданбаңыз.

Ықтимал мәселелер және олардың шешімдері

Мәселе	Шешім
Құрылғы іске қосылмайды.	Құрылғының қуат желісіне қосылуын тексеріңіз.
Дыбыс жоқ немесе тым тыныш дыбыс.	Осы құрылғыдағы және сигнал көзіндегі дыбыс деңгейінің реттегіші қандай күйде екендігін тексеріңіз. Қажеттілігіне қарай дыбыс деңгейін ұлғайтыңыз.
	Сигнал көзінің ойнатқышқа дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
Дыбыстың бұрмалануы.	Кіріс сигналының үлкен амплитудасы себебінен болуы мүмкін. Дыбыс деңгейін тура сигнал көзінде оңтайлы деңгейге дейін баптаңыз.

*Батареялар жеткізу жиынтығына кірмейді.

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: LP-V200.
- Желіден қуат беру: 220-240 В, 50 Гц.
- Кіріктірілген Li-ion аккумулятор 11.1 В, 4000 мАс.
- LED-дисплей.
- Жарықты музыка.
- Ең жоғары шығыс қуаты (RMS): 120 Вт.
- Жиілік ауқымы: 20 Гц — 20 кГц.
- Төмен жиілікті динамик: 6.5'' — 1 дана.
- ТЖ-динамик кедергісі: 4 Ом.
- Жоғары жиілікті динамик: 2'' — 2 дана.
- ЖЖ динамиктің кедергісі: 6 Ом.
- Сигнал/шу қатынасы: 72 дБ.
- Жалпы бұрмалану деңгейі: $\leq 0,14\%$.
- Bluetooth, USB, FM-радио, AUX қолдайды.
- Bluetooth 5.0.
- Bluetooth-сигналдың әрекет ету алшақтығы: 10 м дейін.
- Радиожілік ауқымы: 87.5-108 МГц.
- Желілік аудиокіріс: 3.5 мм.
- Гитаралық кіріс: 6.3 мм Jack.
- Микрофон кірісі: 6.3 мм Jack.
- Жинақталым: құжаттама, қашықтықтан басқару пульті, Jack 3.5 мм - Jack 3.5 мм аудиокәбілі, желілік кәбіл.
- Аудиожүйенің өлшемдері: 325*278*346 мм, 5.75 кг.
- Ықшам тіреуіштің өлшемдері: 101*101*610 мм.
- Ойнату уақыты: 8 сағат.

Bluetooth

- Сымсыз байланыс стандарты: IEEE 802.15.1.
- Жиілік диапазоны: 2400-2483.5 МГц.
- Таратқыштың қуаты: 10 дБм.

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сатып өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы қаптамасында өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 5 °С бастап 40 °С дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80 % аспайтын кезде сақталуы тиіс. Үй-жайларда тоттануды тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмау керек.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы ұқыппен қолдануды талап етеді, оны шаңның, кірдің, соққылардың, ылғалдың, оттың және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін, оны әдеттегі тұрмыс қалдықтарымен бірге лақтыруға болмайды. Мұның орнына, оны федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейінгі қайта өңдеу мен кәдеге жарату үшін тиісті электр және электрондық жабдықтарды қабылдау орнына кәдеге жарату керек. Осы бұйымды кәдеге дұрыс жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және тиісінше қолданбау салдарынан қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін нұқсанның алдын аласыз. Осы бұйымды қабылдау және кәдеге жарату орындары туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыс қоқысын шығаратын кәсіпорыннан ала аласыз.
- Құрылғының ақаулығын анықтаған кезде құрылғы пайдалануды тоқтату және авторизацияланған сервис орталығына хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату ережелеріне сәйкес кәдеге жарату керек.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Гуанчжоу Цзе Ли Электрон Ко., Лтд.
401, 301, 201, 101 кабинет, корп. А, Кэцзяюаньсин тас жолы 3, Синькэ, Цзяхэ көш, Байюнь ауданы, Гуанчжоу қ., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:
ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорртаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:
«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа даңғылы, 12 ғимарат, Қазақстан.

Тауар Кеден одағының мынадай техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтті жабдықтың қауіпсіздігі туралы»;
- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі».

Тауар ЕЭО ТР 037/2016 «Электртехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» Еуразиялық экономикалық одағының техникалық регламенті талаптарына сәйкес келеді.

Айрықшаламалар, өнім туралы ақпарат, оның жинақталымы және функционалы пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін. Құрылғының нақты интерфейсі осы нұсқаулықта көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы: www.dexp.club

EAC



Өндірілген күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген _____

V.2

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші құрылғының кепілдік мерзімінің ішінде үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен құрастыруда ақаулардың жоқтығына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдікті қызмет көрсетуге, пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен болмаған істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервис орталықтарының өзекті тізімін мына мекенжайдан табуға болады:
<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Кепілдікті міндеттемелер және тегін сервистік қызмет көрсету тауарлардың жинақталымға кіретін төменде аталып өткен керек-жарақтарға, егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеумен байланысты болмаса, қолданылмайды:

- ҚБП (қашықтықтан басқару пультіне) арналған қуат көзінің элементтері (батареялар).
- Жалғағыш кәбілдер, антенналар және оларға арналған жалғастырғыштар, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; әртүрлі типтегі ақпарат тасымалдағыштар, жинақталымда жеткізілетін бағдарламалық жасақтама (БЖ) және драйверлер (бұйымды қатты магнит дискілеріндегі жинақтағышқа алдын ала орнатылған БЖ қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Тысқаптар, сөмкелер, белдіктер, тасымалдауға арналған баулар, монтаждау құрылғылары, құралдар, бұйымға қоса берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығын материалдары мен бөлшектер.



Өндіруші мынадай жағдайларда кепілдік міндеттемелерін көтермейді:

- Кепілдік мерзімі аяқталғанда.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін, сондай-ақ өзінің тікелей мақсатына сай келмейтін өзге мақсаттарда қолданылған болса.
- Өндіруші бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету жөніндегі ұсынымдарды, іске қосу қағидаларын (бұйымның өзіне де, онымен түйіскен бұйымдарға да сәйкес келмейтін желілік кернеу әсерінің нәтижесінде туындаған қысқа тұйықталулар), бұйымды сақтау және тасымалдау кезінде бұйым иесі және/немесе үшінші тұлғалар шеккен ықтимал материалдық, моральдық және өзге де залал үшін жауапты болмайды.
- Барлық механикалық зақымданулар: өнімді пайдалану барысында пайда болған кетіктер, жарықтар, деформациялар, соққы іздері, майысқан, жаншылған жерлер және т.б.
- Мұндай жұмыстарды жүргізуге уәкілеттігі жоқ адамдардың бөгде түрлендірулері, рұқсатсыз жөндей іздері бар. Егер ақау бұйымның құрылымының немесе сұлбасының өзгеруінен, Өндірушімен қарастырылмаған сыртқы құрылғылардың қосылуынан, Қазақстан Республикасының заңнамасына заңнамасына сәйкес сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалануынан туындаған болса.
- Егер бұйымның ақауы еңсерілмейтін күштің әсерінен (табиғи апаттар, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, тұрмыстық факторлар және Өндірушіге тәуелді емес басқа жағдайлар) немесе Өндіруші болжай алмайтын үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаса. Ақау бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына әкелетін, бұйымның ішіне бөгде заттардың, бөтен денелердің, заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың енуінен, агрессивті ортаның әсерінен, жоғары ылғалдылықтан, жоғары температурадан туындаса.
- Бұйымды сәйкестендіру (сериялық нөмірі) болмаса немесе сәйкес келмесе. Егер зақымданулар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық жасақтаманың әсерінен туындаса; БЖ жеткізушісінің осы қызметті ұсынуының болмауына байланысты, бұйымның бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің болмауына әкеп соққан құпиясөздерді (кодтарды) орнату, ауыстыру немесе жоюмен туындаған жағдайда.
- Егер жұмыстың ақаулары қуат беруші, кәбілдік, телекоммуникациялық желілердің, радиосигнал қуатының стандарттарға немесе техникалық регламенттерге сәйкес келмеуінен, соның ішінде рельеф ерекшеліктерінен және басқа да осыған ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымды желінің әрекет ету шекарасында немесе желінің әрекет ету аймағынан тыс жерде пайдаланудан туындаған болса.
- Егер зақымданулар стандартты емес (түпнұсқа емес) және/немесе сапасыз (зақымдалған) шығыс материалдарын, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат беру элементтерін, әртүрлі типтегі ақпарат тасымалдағыштарды (CD, DVD дискілерді, жад карталарын, SIM-карталарын, картридждерді қоса алғанда) пайдаланудан туындаса.
- Егер кемшіліктер үйлесімсіз контентті алу, орнату және пайдаланудан туындаса (әуендер, графика, бейне және басқа файлдар, Java қосымшалары және оған ұқсас бағдарламалар).
- Осы бұйыммен түйіндесіп жұмыс істейтін басқа жабдыққа келтірілген залал.

www.dexp.club